

ӘБІЛҚАСЫМ СӘРСЕНБАЕВ

# АРНАЙЫ СУРЕТ

оқу құралы

ӘОЖ 73/76 (075)

КБЖ 85.14. я73

С28

Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы оқу-әдістемелік кеңесінде талқыланып, басылымға ұсынылды (23.01.2019 жыл, № 6 хаттама).

**Пікір жазғандар:**

1. Тұрғынбай Б.С. профессор Қазақстан еңбек сіңірген қайраткері,  
Қазақстан суретшілер одағының мүшесі.
2. Тұрғынбаев М.Е. Қазақстан суретшілер одағының мүшесі,  
Қазақстан көркем академиясының мүшесі,  
Қазақстан Республикасының мәдениет  
саласының үздігі.

**С28 Сәрсенбаев Ә.**

Арнайы сурет: Оқу құралы/Ә.Сәрсенбаев. – Алматы: Эпиграф, 2021.  
136 бет.

ISBN 978-601-265-345-8

Жоғарғы өнер оқу орындары мен өнер колледждерінің шәкірттері мен студенттеріне арналған – оқу құралы.

ӘОЖ 73/76 (075)

КБЖ 85.14. я73

ISBN 978-601-265-345-8

© Сәрсенбаев Ә., 2021.

© Эпиграф, 2021.

## КІРІСПЕ

Бейнелеу өнерінде кескіндеме, сурет, саласы бойынша бірнеше бағыттарды білеміз. Арнайы сурет пәні бойынша әр суретші шығармашылық еңбегін, ой-қиялын, фантазиясын барынша көрсетуге еңбек жасайды. Суретші ұшқыр қиялындағы көріністі беру үшін, шығармашылық еңбегіндегі белсенділікті арттырып, түрлі талдау жасап, бірнеше кезеңдегі көріністер жасайды. Шығармашылық еңбегінде суретші фантазиясы айқындалған, маңызды роль атқаратын бір ғана еңбегіне тоқталады. Суретші шығармашылық құпиясын ашуға зерттеулер жасайды, психологиялық, философиялық тұрғыдан талдаулар жасап, жүргізілген зерттеулердің нәтижесіндегі еңбек, көркем өнер болып айқындалады.

Шығармашылықтағы көркем қиялдан өріс алған түрлі бейнелер, шығармашылықтың композициялық құрылымы мен мағынасын ашады. Суретшілердің психолоанализдік талдаулары, шығармашылық дүниетанымына, мәндеріне мазмұнды мағына береді.

Қиялдағы бейне әсерлі болу үшін ізденудің философиялық, психологиялық жақтарына аса ден қояды. Осылармен біріге жүргізген зерттеулері көркем образдары «көркем қиялдың» маңызды процессі болып айқындалады.

Тірек сөздер: суретші, көркем шығарма, фантазия, қиял, образ, сана.

Арнайы сурет пәні шығармашылық тұрғыдан әсерлі болуын, ішкі психологиялық сезімдермен сурет салуды талап етеді.

«Көркем тоқыма» кафедрасының мамандығына байланысты арнайы сурет пәнінің композициялық шешімдері, ізденіс түрлері қазақтың тоқыма қол өнерімен ұштасып, арнайы сурет салудың ізденімпаздылығы сол түпкі тамырымен бірігіп айқындалады.

Арнайы сурет пәнінің алғашқы сатыларында берілетін тапсырмалар, түрлі қалыңдықтағы сызықтар мен дақтардың көмегімен ұлттық нақышта натюрморт графикалық шешіммен

орындалады. Бұл тапсырмалар геометриялық формада үш бұрышты, төрт бұрышты, тік бұрышты, дөңгелек, сопақша, қисық, түзу, тік түрлі көлемдегі сызықтар арқылы арнайы суреттің бірнеше жобалары салынады.

Тапсырма бойынша тақырыпты ашу, суретшінің ішкі ойын белсенді түрде айқындау, салынған суреттің формаларына образ беру, бұл арнайы суреттің негізгі мақсаты болып табылады.

Ұлттық нақыштағы түрлі элементтерден тұратын өрнектерді үйлесімділікпен арнайы суретке орналастыру шығармашылық еңбектің мазмұндылығын, құндылығын арттыра түседі.

Ою-өрнектегі элементтері дұрыс орналасу қажет. Қазақ халқы тұрмыс тіршілігінде, салт-дәстүрінде әшекейленген түрлі бұйымдарында өзіне тән мазмұны, терең мағынасы бар өрнектер арқылы жеткізген. Мысалы, ұзатылған қыз жасауындағы өрнектерде әке-шешінің, ағайын туғандарының тілектерін білдіреді. Сол сияқты аспан әлемімен, жер, суға, жұлдызға байланысты космологиялық өрнектер және наным сенімдері, көзден тілден сақтану мақсатында бейнеленген тұмарша, найзаекі ою-өрнектер болған. Қасиетті сандардан болатын, молшылық пен тыныштықты бейнелейтін символикалық өрнектердің түрлері көп-ақ.

Арнайы сурет пәнінің теориялық білімдерін жетілдіру мақсатында ұлттық қол өнермен ұштастыру негізінде, колөнердегі ұлттық нақыштарды элементтерді еркін пайдаланып, талғаммен геометриялық элементтерді қолдану арқылы жан-жануарлар немесе құс бейнесідегі өсімдік тектес символикалық өрнектерді үйлесімділікпен бейнелеу арқылы арнайы сурет пәнінің кезектегі тапсырмасы орындалады.

Арнайы сурет пәні академиялық сурет секілді, натюрмортты немесе натураны пропорция жарық, көлеңке, жылт т.б. секілді дәл салу мақсатында жүрмейді. Арнайы сурет пәні «Көркем-тоқыма» мамандығы бойынша сол мамандықтың шығармашылық негізінде өтеді.

Студент диплом жұмысын атқару кезінде, gobelen, ши, киіз т.б. бұйымдар жасаса, сол шығармашылық еңбегіндегі

формаларды, элементтерді, заттарды және адам бейнесін стилизациялау арқылы түпкі ойын, фантазиясын ашуға арнайы сурет маңызды роль атқарады. Арнайы сурет пәнінің қырсырын білген студент, кез келген көріністі, сол ортаға бейімдеп емін-еркін үйлестіреді. Бүгінгі заманауи дизайн талабына сай, жаңашылдық көзқараспен атқарған шығармашылық еңбектер, ұлттық тамырынан қол үзбей, жоғарғы дәрежедегі көркем өнер болып қалыптасуы, бүгінгі күннің талабы.

Арнайы сурет пәнінің алғашқы қойылым жансыз заттардан құралады. Артқы көріністерге басқұрды, шым шидің, кілемше, гобелен немесе ұлттық оюдағы мата, ұлттық нақыштағы бұйымдарымен байланыстырады. Осы қойылымдардың мән-мағынасы, мазмұны, студенттерге ерекше көңіл-күй береді.

Натюрморт қойылым көрінісі: басқұрдағы, жапқыштағы, жел баудағы, шым шидегі ою-өрнектер геометриялық элементтерден тұрады. Үш бұрыштағы «Тұмарша» өрнегі төртбұрыштағы «балықкөз» өрнектері, т.б. шеңбер тәріздес «күн» ою өрнектері өз орнымен тұрады.

Ою-өрнекті үйрену негізінде балалардың ісмерлігі, шеберлігі артады, эстетикалық талғамы ерекшеленеді [4;536].

Қазақ халқының ғұламалары «Қазақтар ою-өрнектер әлемінде өмір сүреді» - деп бекер айтпаса керек. Бұл топтағы ою-өрнектердің тәрбиелік мәне ерекше. Ата дәстүрін сақтау, ел тарихын білу, ерді елдікке тәрбиелейді. Ою-өрнектері үйреніп, сурет салу кезінде, әр оюдың түр-түсіне, оның мән—мағынасына ден қойса, студенттің эстетикалық талғамы қалыптасып, суретшілігі арта түседі.

Сабәк барысында өнер мұраларын бағалай білу, оюдағы әр-бір элементтерді түсіне білу, ғылыми-теориялық практикалық еңбегі жеткілікті дәрежеде болуы бүгінгі арнайы сурет пәнінің негізгі мақсаты.

## ӘДІСТЕР

Арнайы сурет пәні қағаз бетіне ақ, қара түспен, бейтарап немесе бірнеше түспен қосылып жасалынатын графикалық шығарма. Алғашқы тапсырмалары: қойылымды (натюрморт, портрет т.б.) А-5 көлемінде 10 дана академиялық сурет негізінде нобай нұсқасы жасалынады. Қалған 10 дана А-5 көлеміндегі суреттер, арнайы суреттің ізденісі болып табылады. Академиялық суреттен арнайы сурет сатысына өту процесі, көптеген еңбекті, ізденісті, бірнеше тәжірибие жасауды талап етеді.

Сурет бұл бейнелеу өнері, көз бен қол арқылы жиек сызықтарын, штрих және дақ арқылы графикалық шешіммен орындалады [1;76.].

Алдында жасалынатын академиялық сурет- арнайы суреттің негізінде болып қаланады, қойылымның жан-жақтан түрлі нұсқада, жоба суреттерін салуға мүмкіндік береді. Осы салынған суреттерде, заттардың ара-қатынасы жарық пен көлеңке, жартылай жарық, шағылысу, құлай түскен көлеңке т.б. дәлдікпен бірнеше жоба суреттерге ұласуы тиіс.

Жоба суреттер өз ережелерімен орындалғаннан кейін, арайы суреттің әдіс-тәсілдеріне көшеді. Академиялық суретті негізге ала отырып, Арнайы суреттің тапсырмасы бойынша, түрлі қалыңдықтағы сызықтар арқылы қалам тушь, қаламсаппен суреттердің т.б. ізденістері басталады.

Қойылымның композициялық шешімін табуға бірнеше нұсқада суреттер салынады. Сызықтардың жұқарып қалындау арқылы, формалардың көрінісін береді. Сызықтарды түзу, қисық, ирек жасу арқылы, заттардың алдыңғы көріністері мен артқы көріністерін айқындайды.

Қағаз бетіндегі, оң жағындағы, сол жағындағы, асты-үстіндегі түрлі сызықтардың тепе-теңдігін беру үшін ізденіс жұмыстарын жасайды. Арнайы сурет пәні композиция пәнімен тығыз байланысты екенін осыдан көреміз. Арнайы суретте тек көрген затты салып қана қоймай, сонымен қатар формалардың

тепе-теңдік құрылымын айқындайды. Суретші көркем қиялына жету үшін, формаларды өзгерте алады, артқы көрініспен байланыстыра алады.

Арнайы сурет пәнінің стиліне тән-ұлттық қол өнердегі кестемен берілген түрлері қазақтың бұйымдарын көптен кездестіруге болады. Ақ және қара түстегі тұс киіздің ырғақты оюлары, ұлттық киімдегі шапан, тақия, кестелеген көздік жауын алатын өсімдік тектес ою сабақтары, сәнделген бұйымның мән мағынасын ашатын символикалық таңбалар, берілген тапсырманың негізгі өзегі болып айқындалады.

Арнайы сурет пәнінің бағдарламасы - қазақтың қол өнерімен ұштасып жатуы жайдан-жай емес. Қазақ жеріндегі ою-өрнекті әсемдік әлемімен үйлесіп жатуы, суретші шығармаларындағы көркем қиялдың философиялық психологиялық ізденісі, биік тұғырдан көрінеді. Қазіргі суретшілердің ұлттық патриотизмдегі ролы, тарихи – этнографиялық көріністер арқылы, эстетикалық тәрбие берудің негізгі міндеті болып табылады.

Арнайы сурет пәні үлкен дайындықты қажет етеді. Оқу саласында білімділікті, біліктілікті, күнделікті дайындықты және шығармашылық ізденісті талап етеді. Арнайы сурет пәні студенттердің ішкі сезімін дамытуға, образ жасауға, әрбір сызықты, әрбір элементтерді, дақтарды, таңбаларды, әр түрлі пішіндегі формалардың орнын тауып, тоқыма қолөнер ізденімпаздығымен бірігіп айқындалады.

Арнайы сурет пәні бойынша берілетін тапсырмалар, түрлі геометриялық формадағы қойылым, күзгі натюрморт, ұлттық өрнектегі күрделі натюрморт, портрет ұлттық киімдегі адам бейнесі, және түрлі тақырыптағы қойылымдар.

Оқу барысында, әр қойылымдарды ұлттық нақыштармен байланыстырады. Ұлттық элементтерді түрлендіріп, түрлі формаларды стилизациялау арқылы ортақ композициялық шешімін табады. Теориялық, методикалық тұрғыдан қарағанда ою-өрнекті композицияны мән-мағынасымен орналастырады [2; 26 б.].

Арнайы сурет пәніндегі теориялық және практикалық білімдерін студенттер бойларына сіңіріп, ұлттық нақыштағы еңбектерін ұштастыра береді.

Арнайы сурет пәнінің әдістері берілген тапсырмалардың әр түрлі бағытта түрлі ізденіспен жасалуы заттың ара-қатынасы, пішіні, теңдік түрлері, түрлі қалыңдықтағы сызықтары, түрлі көлемдегі дақтар, бейнені тұтас сомдан, ары қарай дамыту болып табылады. Осы аталған негізгі бағыттағы түрлі техникалық жолдармен, білімділік пен біліктілікті арттыра отырып бірнеше сурет салудағы әдіс-тәсілдерді меңгеру ұлттық нақышта образ беру арқылы қоршаған ортамен байланыстырады. Мысалға, адам бейнесін интерьермен байланыстыру, немесе түрлі қойылымдағы натюрморттың қоршаған ортамен үйлесімділігі, ортақ пластикалық пішін табу тәсілі арнайы-суреттің негізгі тәсілі болып табылады. Арнайы сурет пәнінің негізгі әдіс-тәсілдері:

- Сызық
- Дақ
- Таңба
- Өң -сипаты
- Бедер
- Ізденіс
- Ара –қатынас
- Реңдік сипаты және т.б.

Осы әдіс-тәсілдердің өз орнымен сабақтасу арқылы, образға айналып, шығармашылық суретке айналады.

Арнайы сурет пәнінің алғашқы тапсырмасы, ақпен қараарқылы бейнеленеді. Ақ қағаз бетіне қара тушь немесе қара гуашьпен қаламұш қылқаламды пайдалана отырып түрлі қалыңдықтағы сызықтар арқылы, форманың пішіндерін айқындайды, өз ара қатынасын, үйлесімділігін табады. Тапсырманың жоспары бойынша түрлі тәсілдермен жұмыс жалғасады. Осы әдіспен арнайы суреттің сызықтар мен дақтардың үйлесімі арқылы келесі тапсырма жүзеге асады, және бейтарап рең немесе түр түстер беру арқылы реңдік сипаты ашылады.



Ақ қағаз бетіне балауызды жұқалап жағып, бетіне түрлі түр-түспен рең беріп, қажетті жерін жұқалап қырып, тырнау арқылы бедер, өң-сипатын беруге болады. Осындай көптеген ізденісін, әдіс-тәсілдердің көмегімен, қойылымды ұлттық нақыштағы шығармаға ұшттастырады. Символикалық таңбаларды түрлі ою-өрнектерді өз орнына қойып ізденімпаздығын дамыта отырып, суреттің композициялық шешімі табылады.

Аранайы суретті тұтас көру арқылы биік деңгейге көтерілері, ойы айқындалады.

Тұтас көрі дегеніміз- бұл да сурет салудың негізгі тәсілі. Бейнелейтін дененің оның қандай да болсын бір жағынан қарай, көрінбейтін жағын да көз алдына келтіру. Затты тек нүктеден отырып салу барысында, оны әр нүктеден, әр жағынан тексеріп, сызып үйрену қажет. Тек сонда ғана суретті зат пішінімен құрылысын, оның заңдылығы мен логикасын саналы түрде қабылдай алады.

Тұтас көруді түсінбеген, оны меңгере алмаған студент затты бейнелеу кезінде, заттың өзіне қараған жағынан, жарық жерді немесе көлеңке жағын көшірумен шектеледі. Образдық құрылымдардың шебер үндестігіне көз арудан шаршамайық [6; 6 б.].

Арнайы суретті салу, ол көп сатылы баспалдақ сияқты күрделі кезеңдерден тұрады. Сондықтан суретшіден аса білімділікті, шеберлікті, табандылықты талап етеді. Бізді қоршаған алуан түрлі заттарды, тамылжыған табиғатты, адам тұлғасын аңғарып білу, суретшінің зерделі көзімен көру, оның басқалар байқай бермейтін әсемдігі мен бояуын саралай білу тек суретшінің дара қасиеті, ерекшелігі.

## НӘТИЖЕЛЕР

Арнайы сурет пәні - жалпы оқыту жүйесіндегі негізгі және маңызды бөлігі болып табылады. Оқу жоспары бойынша арнайы сурет пәніне ұлттық нақыштағы ою-өнектік үйлесімділігін табу, формалардың пропорция ережелерін сақтау, ырғақтың бейнені, тепе-теңдік заңдылықтарын сақтау арқылы, арнайы-суреттің толық нәтижесі шығады.

Композициялық бейнедегі құрылым, ырғақтың түстік немесе графикалық тәсілдегі сәндік өрнектің тұтастығы, таңбалар мен түрлі көлемдегі дақтар, сызықтар арнайы суреттің мазмұндылығын арттырады.

Түрлі әдіс тәсілдермен, көркемдік ізденістермен, бірнеше жоба суреттер жасау арқылы және мол тәжірибенің келумен шығармашылық еңбектің нәтижесі қалыптасады.

Арнайы сурет пәні қолданбалы безендіру өнерін жоғарғы деңгейде суретшілерді дайындау, шығармашылық еңбек пен эстетикалық тәрбие беру, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін мамандар дайындау, әр түрлі материалдармен жұмыс істеу, суреттемелік техниканы білу, түр-түстерді таңдау әдісін үйрену, білім мен біліктілікті арттырып суретшілік өнерді меңгеруде студенттердің қабілетін арттырады. Осындай көп еңбектің, ізденістің, білім алудың нәтижесінде, өнерді шебер меңгеріп, студенттердің кәсіптік деңгейі шыңдалады.

Арнайы сурет пәнінің ұлттық нақышта өтуі, ұлттық қол өнер мәдениетінің дамуына зор ықпал етеді. Ата дәстүрімізді сақтау, ру таңбалары, ел таңбалары [3; 14 б.] оны ары қарай заманауи үлгіде өрбіту, ұлттық мәдениеттің қалыптасуына үлес қосады. Ұлтымыздың тереңнен келе жатқан қол өнерін, арнайы суреттің ұштасу нәтижесінде, бүгінгі күннің талабына сай шығармашылық еңбектер туады. Арнайы суреттің өзіндік ерекше бет-бейнесі болуы керек. Ол дәстүрлі өнердің элементтерін ала отырып, оны замандық үлгіде құбылту болып табылады. Әр мамандықтар бойынша өткен «арнайы сурет» пәні өз нәтижесін береді. Мамандықтар бойынша жасалынған

түрлі бұйымдардың элементтерін стилизация жасау суреттің еншісінде. Осы суреттің қыр-сырын білген суретші, кез-келген формаларды, элементтерді, әдіс-тәсілдерді оңай меңгере алады.

Мұнда талантты шебердің халықтың көркемдік мәдениетіне, салт-дәстүрі мен сәндік мұрағаттарында сақталып қалған құндылықтарды танып білу, ғасырлар тереңіне кететін өзінің түпкі тамырының мәнісін түсініп, осының бәрін кейінгі ұрпақтарға жеткізуге, ғасырлар байланысын сезінуге ұмтылысы көрінеді [5; 207 б.].

Көркем тоқыма мамандығы бойынша арнайы-суреттен білім алған студент курс аралық емтихандарында немесе дипломдық жұмыстарында жасап жатқан (ши, гобелен, кілемше, батик т.б.) басқа да шығармашылық еңбектерінде осы аталған пәннің нәтижесінде толық көрінеді.

Сондай-ақ студенттердің ойлау және шығармашылық қабілетін арттыру арқылы, өнерді шеберлікпен меңгереді. Осымен қатар суретшілердің кітаптарын оқып, мұражайларға барып, көрмелерді жиі көру еңбектің нәтижесін жоғарлатады. Осы процестің әсерінен білімін бекітуге әсерін тигізеді және тапсырмаларды өз бетінше орындауға септігін тигізеді. Студенттер өзін өзі дамытудағы кәсіби деңгейін көтерудегі, шығармашылық еңбектерін шыңдаудағы, бұйымдарды әшекейлеудегі, өрнектердің әдіс-тәсілдерін меңгерудегі қажеттілікті қалыптастырады. Суреттің графикалық саласы бойынша заттың пішінін, құрылымын, кескіндеме саласы бойынша, түрлі түстердің үйлесу гармониясын, суық және жылы түстегі түстер гаммасын, тепе-теңдік заңдылықтарын көріп білу, студенттердің анализ жасап талдауы, арнайы сурет пәнінің ішкі құпиясын ашуға өз нәтижесін береді.

Арнайы сурет пәні туралы көпетеген пікірлер туады. Арнайы суреттің орнына академиялық суретті өту керек деген ойлар айтылды. Бұл мәселе жөнінде суретші мамандар арасында, арнайы суреттің болуы немесе болмауы жайында талқыға түсті. Арнайы суреттің академиялық суреттен ерекшеліктері, маңызы жайында айтылды. Әр мамандық бойынша өтетін

арнайы-сурет, сол мамандықтың тамыры, өзегі ретіндегі сабақ екені дәлелденді. Кез келген форманы, қойылымдағы түрлі заттарды немесе адам сұлбасын бейнелеуде, арнайы-суреттің стилизациялау арқылы, студент өзінің түпкі ой-қиялына, фантазиясына маңызды роль атқаратыны айқындалды.

Студент өз мамандығы бойынша кез келген форманы оңай стилизация жасайтын болса, шығармашылық еңбектің құпиясын ашуға зор мүмкіндігі болатыны анық.

Арнайы сурет пәні шығармашылық композиция арасын байланыстыратын бірден-бір қажетті пән. Арнайы сурет пен арнайы кескіндемені толық меңгерген студент, шығармашылық еңбегіндегі кез келген пішінді, затты, адам бейнесін, табиғатты, сәулетті ғимараттарды т.б. оңай ізденіспен тауып, шығармашылық еңбектерін, заманауи көріністе жасайтыны анық.

Арнайы сурет пәнін толық меңгерген студент композиция пәнінде көптеген мәселені шешуге тура келеді. Композициялық ырғаққа сай пішіндерді, заттарды, адам тұлғасы т.б. келтіруде көптеген ізденістер жасайды, көптеген нұсқаларды жасауға тиіс болады, бірнеше жоба суреттер салынады.

Ал, арнайы сурет пәнін меңгерген студент осы айтылған ізденіс процесстерін оңай өтеді. Өйткені, стилизациялау, ізденіс шарттарын талдау жасап, психологиялық, философиялық, шығармашылық өнертанушылық қасиеттерін бойына сіңіріп, машықтанғаны маңызды роль атқарады.

Арнайы сурет пәнінің өнер саласындағы орыны, көптеген талдаулар, сұрақтар арқылы, пікір- таластар арқылы биік жетістікке жетті. Бүгінде, семестрден бастап арнайы-сурет, арнайы-кескіндеме пәндері сабақ кестесіне енді, өнер ордасында өз орнын тауып қабылданды.

Арнайы сурет пәнінің жоспар бойынша өтіп, оның сурет салу барысындағы әдіс тәсілдері, көркемдік ізденіс жұмыстары, шешімдері, өз қарқынымен өтуде. Графикалық, түр-түстік ұлттық нақыштағы әдіс тәсілдері, өнерді шеберлікпен меңгеріп, студенттердің кәсіптік деңгейі артып келеді.

## ТҮСІНІКТЕМЕ

Қазақстан бейнелеу өнерінде тарихқа көз жүгіртіп, оған терең үңілсе суретшілердің тәуелсіздік жылдардағы даму барысы, бағыт-бағдары, тарихи жанрдағы дамуы қарқын алды. Қазақ елінің кең байтақ даласында жартасқа қашалып жасалынған бейнелер жекілікті. Ұланғайыр даланы бірнеше мың жылдар мекендеге көптеген тайпалардың тарихи шежіресі. Тасқа беделеніп түскен петроглифтер өз дәуірінің тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі және өмірі мен тыныс-тіршілігі. Әр кезеңдегі шеберлердің шексіз еңбегіне қарай отырып, мәдени үрдістің эстетикалық нәтижесін көреміз.

Белгілі археолог ғалым Зейнолла Самашевтың петроглифтегі берген төмендегідей анықтамасында «олар бақыланған оқиғаларды, қоршаған ортадағы шынайы өмірді, жинақталған білімі мен тәжірбиелерін дүниетанымдық бағыттары мен көзқарастарын бейнелерде және метафоралар мен символдар арқылы жеткізеді. Осылайша аккумуляцияланған ақпаратты келер ұрпаққа табыстай отырып, таңбалық-коммуникативтік жүйенің спецификалық қызметтерін атқарады.

Ғасырлар бойы келе жатқан осы қалыптасқан қазынаны бүгінгі ұрпақ жалғастыру парыз. Арнайы сурет пәні немесе арнайы кескіндеме пәнінде тереңде жатқан құнды петроглиф таңбаларын студенттер бойына сіңіріп бүгінгі заманға сай бейнелер жасаса сурет өнерінде ұлтжанды жаңа толқындар қалыптасады.

Әр сабақта, әр тапсырма берер алдында, осы айтылғандай тарихқа үңіліп, ғалымдардың кітаптарын пайдаланып (З. Самашев. Петроглифы Казахстана: Б.К. Байжігітов Қазақтың қолөнері тарихы: сәндік-қолданбалы өнер және халықтың кәсіпшілік т.б.) студенттерге түсіндірген абзал.

Тақырып бойынша қойылым қойылғанда (натюрморт) немесе киімдегі адамның (натура) суретін саларда қойылымға петроглиф таңбалары бар немесе ою-өрнектелген заттарды үйлестіріп қойылымды көркемдесе, студенттердің сурет салуға

күлшынысы артып, арнайы суреттің тақырыбын ашуға жол ашады.

Әр қойылымға берілген тақырып бойынша бірнеше суреттер салынады. Қағаз бетіндегі суреттің тепе-теңдігі, негізгі формаларды ортаға орналастырып, негізгі заттар оның алдыңғы көріністе болуы шарт. Әр заттардың кеңістік бетінде көрінуі тапсырманың негізгі міндеті болып саналады. Бұл формаларды ұлттық нақышта бейнелеу мол тәжірбиені қажет етеді. Берілген тапсырма шынайы бейнелеу үшін, бір суретті бірнеше үлгіде салады. Ізденіс жұмыстар жасалады. Арнайы суретте қағазға тушь, қалам, қаламұш т.б. құралдармен жасалады.

Қойылымдағы заттарды кеңістікке орналастыру үшін, формаларды студент өз еркіне қарай стилизациялап өзгерте алады. Суреттің композициялық шешімін табу үшін, қойылымдағы формалардың орнын ауыстырып, үлкейтіп немесе кішірейтіп өзгерте алады. Арнайы сурет тек қана көшіріп салу емес, студент сол қойылымды шығармашылық еңбекке айналдырады. Студенттердің ойлау жүйесі еркін болып, келешекте кез келген көріністі композициялық шешімін тауып, шығармашылық туынды жасау мүмкіндік береді.

Арнайы суретте сызықтар, дақтар арқылы түрлі формаларды бейнелейді. Әрине, сол формалармен бірге ұлттық символикалық таңбалар, шекемделіп жасалған петррогиф көріністер, жазулар, ұлттық негіздегі ою-өрнектер, т.б. өз орындарына қойып, суреттің мазмұнын аша беруге болады. Суреттегі түрлі көлемдегі сызықтар, дақтар арқылы, бірінші көріністі еркін бейнелейді. Осымен қатар нүктелер арқылы, түрлі штрихтер немесе бедерлер арқылы түрлі әдістерді қолдануға болады.

Арнайы сурет пәні алғашқы курстарда түрлі өсімдіктер мен гүлдерден құралған күзгі натюрморт, аяқ-табақ ыдыстардан құралған немесе түрлі геометриялық формалардан құралған қойылым.

Тағы басқаларын графикалық шешіммен жасалынады, бірнеше суреттер салынады. Арнайы суреттің осы әдіс-тәсілдерін стилизация жасап меңгергеннен кейін, адамның

портретіне көшеді. Адам бейнесін ізденіспен жасап, арнайы суреттің талабы бойынша түрлі сызықтар, дақтар, өң сипаттап беру арқылы портреттің ішкі образын ашады. Тәжірбие ретінде бірнеше суреттің түрлері жасалынады. Әрине, ішіндегі талапқа сай бір жұмысты үлкейтіп, тапсырманың қортынды жұмысына іріктеледі. Қалған бірнеше жұмыстар, сол қортынды жұмыстың ізденіс сатысы болып қалады.

Берілетін тапсырмалар оқу курсы жоғарлаған сайын күрделене түседі. Отырған адам бейнесі, адамды толық бейнеде салу, тақырып бойынша, интерьердегі адам бейнесі, аңшының суреті, ұлттық киімдегі ер адам мен әйел адам бейнесі т.б. Арнайы суреттің тапсырмасын кеңейте түседі.

Оқу саласында студенттерге берілетін тапсырмалар әр түрлі бағытта түрлі ізденіспен (стилизация), ара қатынасын (пропорция), пішіні (форма) сызықтарын (линия), дақтар (пятно) тұтас сомдау болып табылады.

#### **Арнайы суреттің негізгі мақсаты:**

Студенттерді арнайы-сурет арнасынла композицияның әдіс-тәсілдерімен бірге ізденіс түрлерін әсерлі құруын талап ету;

Студенттерді арнайы-сурет пәнінің түрлі тәсілдерін меңгеру, түрлі техникада орындау, қойылымды жазықтықта немесе интерьерде дұрыс орналастыру.

Арнайы суретте қолөнердегі ою-өрнектердің, петроглиф таңбаларын, зергерлік бұйымдағы өрнектердің түрлі элементтерін арқау етіп кеңінен қолдану;

Студенттерді оқу жүйесінде шығармашылық ізденіске бағыттау, сезіммен әсерлі суреттер салу;

#### **Курстың негізгі тапсырмалары:**

Арнайы сурет шығармашылық еңбектің негізі болып қолданылады

Арнайы сурет пәнінде студенттер ойға түйген білімділік пен біліктілікті, түрлі әдіс-тәсілдерді меңгеру болып табылады.

Студенттерді талғампаздықтары мен ізденістерін ұштау,

айқындау практикалық сабақта, студенттердің еңбектерін, ізденіс кезеңінде ұлттық нақышта, шығармашылық тұрғыда бейнелеу

Арнайы суреттің заңдылықтары мен теориялық негізін оқып білу, шеберлігін шыңдау

Эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу, көркемдік пен әсемдікті меңгеру

Студенттердің өз білімін көтеру, шығармашылық еңбектерімен көріну

Мамандықтарға байланысты арнайы суреттің түрлі тәсілдерін меңгеру. Графикалық сызықтардан, дақтардан, таңбалардан құралған мазмұнды суреттер салу

Шығармашылық ізденісті арттыру, ғылым сараптарды дамыту, кәсіптік деңгейді жоғарлату

Көркемдік ізденістегі бірнеше жоба суреттер арқылы жаңа тақырыптарға мол тәжірибиемен келу

Мұражайдағы суретшілердің туындыларын жиі көріп, оған талдау жасап, нәтижесінде шығармашылық қабілетті арттыру

Арнайы суреттің тапсырмасы бойынша А-5 көлемдегі қағазға, қалам немесе тушьпен 10-15 дана жоба суреттерді салады. Алғашқы тапсырма бойынша күзгі немесе геометриялық формадағы қойлымды әр түрлі қалың, жіңішке сызықтар арқылы сондай-ақ осы сызықтардың көлемімен қойылымдағы заттардың пішінін береді. Әрине, нобой суреттегі салынған ізденіс суреттердің барлығы стилизацияланады. Алғашқы кезде қойылымдағы пішіндерді өзгертіп, сындырып, ұзартып, қысқартатын өзара байланыстарын жасау оңайға соқпайды. Суретті салып ізденген сайын арнайы суреттің түпкі мақсаты айқындалады. Осы көптеген тәжірибие арқылы тапсырманың нәтижесін көрсетеді. Қойылымдағы формаларды, суретші өз қалауы бойынша үлкейтуге немесе кішірейтіп салуға болады. Композициялық шешімге келгенше түрлі өзгеріс жасайды, кейде қойылымдағы заттардың өзін орын ауыстырып, қалаған жеріне қояды.

Ортақ композицияның шешімін табу барысында, студенттер



сурет салуда еркін болады. Өйткені арнайы суреттің тек қана қойылымды көшіріп салу емес, оны студент өзінің қиялымен өзгертіп, шығармашылық еңбекке ұластыра алады.

10-15 дана жасалынғае жоба суреттердің ішінен тақырыпқа сай келетін бір суретті іріктеп алып, оны А-2 көлемінде үлкейтеді. Себебі бұл суреттер әр тапсырманың қорытынды жұмысы болып бағаланады.

Арнайы суреттің алғашқы тапсырмасы бойынша қойылым тек қана түрлі көлемдегі сызықтар арқылы жасалынады.

Ал, екінші тапсырмасы, сызық-дақтар арқылы орындалады. Одан кейінгі тапсырмасы тек қана дақтар арқылы орындалады. Ары қарай бедер (фактура) арқылы, бір немесе екі түр түс арқылы жалғастырады, сондай-ақ түрлі техникада қаламдар арқылы, ақ қағаз бетіне балауыз (парафин) жағып, бетін қара түспен бояп, инемен немесе басқа да үшкір құралдармен тырнап жасалынады. Адам қиялы жұмысты жасаған сайын өсе береді, құлшыныспен жасайды. Осы секілді бірнеше тәсілде арнайы суретті қызықты етіп жалғастыра беруге болады.

#### **Оқу саласында студенттерге негізгі берілетін тапсырмалар:**

Әр түрлі бағытта түрлі ізденіспен (стилизация) сурет салу  
Ара-қатынасын, пішінін тұтас сомдау  
Сызықтар, дақтар, таңбалар арқылы тақырыпты ашу  
Бедер, оң-сипат, түр –түстер арқылы әдіс –тәсілдер қолдану  
Адам бейнесін салғанда, оның образын ашу, артқы көріністер арқылы ішкі дүниесін көрсету ;

Әйел бейнесі мен ер адам бейнесін салғанда адам анатомиясының ерекшеліктерін білу

Тақырыпты қойылымдарды және адам бейнелерін ұлттық нақышта бейнелеу

Түрлі әдіс-тәсілдермен салған суреттерді ортақ шығармашылық шешімде орналастыру , образдық үйлесімін табу

Арнайы суретті түрлі тәсілдерде орындау, композициялық

құрылымды арқау етіп, қағаз бетіне дұрыс орналастыру

Қолөнердегі түрлі ою-өрнектердің элементтерді пайдаланып, әсерлі суреттер салу

Студенттерді талғампаздыққа шындап үйрету ұлттық нақышта іздену, өрнектелген әсемдікті меңгеру, оны арнайы-сурет заңдылықтарымен бейнелеу болып табылады;

Арнайы ссуреттің негізгі талап сай статика-динамика, ырғақ, тепе-теңдік шешімдерін, үйлесімділігін табу



## ТӘЖІРБИЕЛІК САБАҚ


**Тақырыбы:** *Түрлі заттардан құралған натюрморт*

**Тапсырма:** Өсімдіктердің, гүлдер мен жапырақтардың және қойылымдағы құмыра, ыдыстарды т.б. заттардың пішінін айқындау, артқы көріністегі ою-өрнектелген маталарды, заттарды стилизациялау және ұлттық нақышта көркемдік бағытта өрлеуі.


Ізденіс А-5 көлеміндегі қағаз бетіне тек қана түрлі қалыңдықтағы сызықтар арқылы қара тушьпен 10-15 дана нобай суреттер салынады. Алдындағы түсініктемеде айтылғандай осы суреттердің ішінен іріктеп, біреуін қортынды жұмыстарына бағалау үшін А-2 көлеміндегі қағазға үлкейтіп салады, бұл тапсырманың негізгі жұмысы болады.


*Түрлі қалыңдықтағы сызықтар арқылы орындалады.*




























## ТӘЖІРБИЕЛІК САБАҚ


**Тақырыбы:** *Ою-өрнектелген түрлі түсті маталар аясындағы натюрморт*

**Тапсырма:** Қойылымның көріністері мен құрылыстарына анализ жасау, ою-өрнектерді тақырып аясындағы көрініспен байланыстыру, композициялық ортақ шешімде келіп, суретті шығармашылық негізде салу.


Ізденіс А- 5 көлеміндегі қағаз бетіне түрлі қалыңдықтағы сызықтар арқылы және дақтар арқылы қара тушьпен 10-15 дана нобай суреттер салынады. Алдындағы түсініктемеде айтылғандай осы суреттердің ішінен іріктеп, біреуін қортынды рейтинг жұмыстарына бағалау үшін А-2 көлеміндегі қағазға үлкейтіп салады, бұл тапсырманың негізгі жұмысы болады.

*Түрлі қалыңдықтағы сызықтар арқылы және түрлі көлемдегі дақтар арқылы орындалатын тапсырма.*

























## ТӘЖІРБИЕЛІК САБАҚ



**Тақырыбы:** *Ұлттық нақыштағы натюрморт.*

Қойылым ұлттық нақышта болғаны абзал. Әр заттың әсерлі құруын, ішкі психологиялық сезіммен бейнелеуді қажет ететін пішіндермен, ою-өрнек, петроглиф таңбалар болуы қажет.

**Тапсырма:** негізгі мақсат дақтардың түрлі көлемде болуы, осыларды ұлттық нақышта әсемдеп бейнелеу. Тушь, қалам, осымен қатар түрлі түсті қаламдарды пайдаланады.


Ізденіс А- 5 көлеміндегі қағаз бетіне тек қана түрлі қалыңдықтағы дақтар арқылы және түрлі көлемдегі сызықтар арқылы қара тушьпен 10-15 дана нобай суреттер салынады. Алдындағы түсініктемеде айтылғандай осы суреттердің ішініен іріктеп, біреуін қортынды рейтинг жұмыстарына бағалау үшін А-2 көлеміндегі қағазға үлкейтіп салады, бұл тапсырманың негізгі жұмысы болады.

*Түрлі көлемдегі дақтар арқылы және аз көлемдегі сызықтар арқылы орындалатын тапсырма.*




































## ТӘЖІРБИЕЛІК САБАҚ

**Тақырыбы:** *Түрлі ыдыс-аяқтардан құралған натюрморт*


**Тапсырма:** Қойылымның түрлі ерекшеліктерін айқындау, сәйкестіктің ара-қатынасын табу, қойылымды стилизациялау арқылы пішіндерді салу және әдіс тәсілдерін қолдану.

Ізденіс А- 5 көлеміндегі қағаз бетіне тек қана түрлі қалыңдықтағы сызықтар және дақтар, нүктелер арқылы қара тушьпен 10-15 дана нобай суреттер салынады. Алдындағы түсініктемеде айтылғандай осы суреттердің ішінен іріктеп, біреуін қортынды рейтинг жұмыстарына бағалау үшін А-2 көлеміндегі қағазға үлкейтіп салады, бұл тапсырманың негізгі жұмысы болады.

*Түрлі қалыңдықтағы сызықтар арқылы және түрлі көлемдегі дақтар, нүктелер арқылы орындалатын тапсырма.*




# ТӨҮН ГИҮЛК САБАК






















## ТӘЖІРБИЕЛІК САБАҚ

**Тақырыбы:** *Отырған адам бейнесі.*

Портреттің артқы көрінісі ою-өрнектелген мата немесе басқұр, кілемше т.б. заттар қойылады. Қойылымды ерекше, көрнекті, эсерлі етіп қою, сабақ беретін ұстаздың талғамына байланысты болады.

**Тапсырма:** Түрлі қалыңдықтағы сызықтар, дақтар арқылы тапсырма орындалады. Тушь арқылы сызықтарды иректеп, түрлі көлемге қарай жіңішке, қалың сызықтар арқылы адам бейнесін кеңістікте көрсету.

Адам образын ашу, оның ұқсастығын беру, жалпы суретті ұлттық негізде бейнелеу берілген тапсырманың мақсаты.

Ізденіс А-5 көлеміндегі қағаз бетіне тек қана түрлі қалыңдықтағы сызықтар, дақтар арқылы қара тушьпен 10-15 дана нобай суреттер салынады. Алдындағы түсініктемеде айтылғандай осы суреттердің ішінен іріктеп, біреуін қортынды рейтинг жұмыстарына бағалау үшін А-2 көлеміндегі қағазға үлкейтіп салады, бұл тапсырманың негізгі жұмысы болады.

*Түрлі көлемдегі сызықтар, дақтар арқылы тапсырма орындалады.*



















Арнайы сурет

## ТӘЖІРБИЕЛІК САБАҚ


**Тақырыбы:** *Сәнді киінген адам бейнесі*

Арнайы сурет отырған адамның тізесіне дейін салынады. Сәнді киінген ер адам немесе әйел бейнесі. Европа үлгісіндегі киімдер немесе күнделікті киімдер арқылы бейнелеу.

**Тапсырма:** Киім үлгісін негізге алып, әсерлі адам бейнесін жасау. Адам бейнесіндегі түрлі көріністерді, сызықтар, дақтар арқылы жеткізу, киім үлгілерін ұтымды пайдалану. Тапсырма бойынша ақ және қара түстер арқылы, адамның психологиялық ішкі образын ашу. Суретті тушь, қара гуашь арқылы айқындау.

Ізденіс А-5 көлеміндегі қағаз бетіне түрлі қалыңдықтағы сызықтар, дақтар арқылы қара тушьпен 10-15 дана нобай суреттер салынады. Алдындағы түсініктемеде айтылғандай осы суреттердің ішінен іріктеп, біреуін қортынды рейтинг жұмыстарына бағалау үшін А-2 көлеміндегі қағазға үлкейтіп салады, бұл тапсырманың негізгі жұмысы болады.

*Түрлі көлемдегі сызықтар, дақтар арқылы және түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы тапсырма орындалады.*






















## ТӘЖІРБИЕЛІК САБАҚ


**Тақырыбы:** *Интерьердегі адамның бейнесі*

Оқу шеберханасының қалаған бұрышықа қойылымды жасақтап, адамды интерьердегі көріністе орналастырады. Қойылымдар бірінші көрініс, ортаңғы көрініс, артқы көріністерге ұласады. Перспективалық заңдылықтарды ескере отырып, жұмыс жалғасын табады. Заттардың пішінін өзгертіп көрсету арқылы, адам сұлбасын стилтзациялау арқылы суреттің ортақ шешімі табылады.

**Тапсырма:** сурет графикалық шешімде орындалады. Ақ пен қара түс арқылы суреттің интерьердегі көріністі айқындау. Түрлі көлемдегі дақ пен сызықтар арқылы, қойылымның қимыл қозғалысын беру, өз ара үйлесімін табу.

Ізденіс А-5 көлеміндегі қағаз бетіне түрлі қалыңдықтағы сызықтар, дақтар арқылы қара тушьпен 10-15 дана нобай суреттер салынады. Алдындағы түсініктемеде айтылғандай осы суреттердің ішінен іріктеп, біреуін қортынды рейтинг жұмыстарына бағалау үшін А-2 көлеміндегі қағазға үлкейтіп салады, бұл тапсырманың негізгі жұмысы болады.

*Түрлі сызықтар , түрлі көлемдегі дақтар арқылы түрлі әдіс-тәсілдермен тапсырма орындалады.*
































## ТӘЖІРБИЕЛІК САБАҚ


### Тақырыбы: Тақырыпты қойылым

Тақырыпты суреттерге, құмыра ұстаған әйел, қобызда ойнаған ер адам, аңшының бейнесі, батырдың бейнесі ұлттық киімдегі адам, самаурын қасында отырған ана, тағы басқа да тақырыпты ашатын қойылымды жалғастыра беруге болады. Тақырыпты суретті кеңінен ашу үшін көптеген дайындықтар қажет. Тақырыпқа сай адамдардың киімдері, түрлі бұйымдары, артқы көріністегі заттар, қойылымды әсерлі көрсететін жарық көлеңкелер, арнайы суреттің негізгі арқауы болып табылады.

**Тапсырма:** Тақырыпты кеңінен ашу, образ беру. Ою-өрнектердің элементтерін орнымен қолдану, графикалық шешімдегі сызық, дақ, таңбаларды шеберлікпен салып, пайдалану. Тақырыптың композициялық ерекшеліктерін тоқтап, тепе-теңдік, ырғақтың динамикалық көріністерін беру.

Ізденіс А-5 көлеміндегі қағаз бетіне түрлі қалыңдықтағы сызықтар, дақтар арқылы қара тушьпен 10-15 дана нобай суреттер салынады. Алдындағы түсініктемеде айтылғандай осы суреттердің ішінен іріктеп, біреуін қортынды жұмыстарына бағалау үшін А-2 көлеміндегі қағазға үлкейтіп салады, бұл тапсырманың негізгі жұмысы болады.

*Түрлі қалыңдықтағы сызықтар, дақтар арқылы және түрлі әдіс тәсілдерді қолдану арқылы тапсырма орындалады.*
























# МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
Әдістер.....	6
Нәтижелер.....	10
Түсініктеме.....	13
Тәжірбиелік сабақ Түрлі заттардан құралған натюрморт.....	19
Тәжірбиелік сабақ Ою-өрнектелген түрлі түсті маталар аясындағы натюрморт.....	29
Тәжірбиелік сабақ Ұлттық нақыштағы натюрморт.....	39
Тәжірбиелік сабақ Түрлі ыдыс-аяқтардан құралған натюрморт.....	51
Тәжірбиелік сабақ Отырған адам бейнесі. ....	61
Тәжірбиелік сабақ Сәнді киінген адам бейнесі.....	69
Тәжірбиелік сабақ Интерьердегі адамның бейнесі.....	78



## ТӘЖІРБИЕЛІК САБАҚ


**Тақырыбы:** *Шығыс үлгісіндегі киінген адам бейнесі*

Шығыс үлгісінде ер адам немесе әйел адамның бейнесі қойылады. Натураны отырғызып немесе тұрғызып, қалаған көріністе қойылады. Аясындағы (фонындағы) көріністер тақырыпқа сай, архитектуралық элементтер арқылы, ою-өрнектің шығыстың түрлі бұйымдарымен жабдықтауға болады.

**Тапсырма:** Берілген тапсырма сызықтар, дақтар арқылы сурет салынады. Дақтарды пішіндерге байланысты үлкейтіп, кішірейту, қойылымдағы түрлі көлемдер бойынша жасау, стилизациялау ырғақтар арқылы жұмыстың шешімін табу.

Ізденіс А-5 көлеміндегі қағаз бетіне түрлі қалыңдықтағы сызықтар, дақтар арқылы қара тушьпен 10-15 дана нобай суреттер салынады. Алдындағы түсініктемеде айтылғандай осы суреттердің ішінен іріктеп, біреуін қортынды жұмыстарына бағалау үшін А-2 көлеміндегі қағазға үлкейтіп салады, бұл тапсырманың негізгі жұмысы болады.

*Түрлі көлемдегі сызықтар, дақтар арқылы және түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы тапсырма орындалады.*

















Тәжірбиелік сабақ Тақырыпты қойылым.....	90
Тәжірбиелік сабақ Шығыс үлгісіндегі киінген адам бейнесі.....	102
Тәжірбиелік сабақ Натюрморт.....	111
Пайдаланылған әдебиеттер.....	134

## Пайдаланылған әдебиеттер

1. Кирцер Ю.И. *Рисунок и живопись Москва 2005 г. 272 стр.*
2. Козлов В.Н. *Основы композиции художественного оформления текстильных изделий Москва 1981. 264 стр.*
3. Шоқларов Д. *Өнер Алматы 2005 ж. 173 б.*
4. Әбдізаппарова Ұ.Б. *Қазақтың ұлттық ою-өрнектері Алматы Өнер 1999 ж. 148 б.*
5. Р. Ахметовтың шығармашылық жолы Алматы 2011 ж. 207 б.
6. Қ. Каметов *Өмір мен табиғат үндестігі Алматы 2015 158 б.*

ӘБІЛҚАСЫМ СӘРСЕНБАЕВ

# АРНАЙЫ СУРЕТ

оқу құралы

Пішімі 60x100 1/16  
Тығыздығы 80 гр./м<sup>2</sup>. Қағаздың ақтығы 95%.  
Қағазы офсеттік. РИЗО басылымы.  
Көлемі 136 бет. Шартты баспа табағы 9.



Эпиграф

«Эпиграф» баспасында басылымға  
дайындалды және басып шығарылды  
ҚР, Алматы, Байтұрсынұлы к., 22.  
тел.: 8 (727) 233 50 54, 233 82 69.  
e-mail: [epigraf12@mail.ru](mailto:epigraf12@mail.ru)

---

